

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 шілдедегі N 668 қаулысына толықтыру енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 7 шілдедегі N 742 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 наурыздағы № 272 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.03.25 № 272 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Кедендік баждар мен салықтар төлеуден толық босатыла отырып, уақытша әкелінетін және кедендік баждар төлеуден толық босатыла отырып, уақытша әкетілетін тауарлардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 шілдедегі N 668 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 28, 276-құжат) мынадай толықтыру е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулымен бекітілген Кедендік баждар мен салықтар төлеуден толық босатыла отырып, уақытша әкелінетін және кедендік баждар төлеуден толық босатыла отырып, уақытша әкетілетін тауарлардың тізбесі:

мынадай мазмұндағы 21-тармақпен толықтырылсын:

"21. Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу саласындағы уәкілетті орган пайдалануға құқық берген авиабағыттар бойынша ұшуға арналған азаматтық әуе кемелері".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*